

14 шілде
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ – ҚАЗІРДЕН БІРАҚ, ШІЛДЕДЕ ШӨП ӨТПЕЙДІ!

«ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА!» ДЕГЕН ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ МӨНІ БҮГІН ДЕ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙҒАН ЖОҚ. ӨСІРЕСЕ, МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН Өңір үшін қысқы мал азығын ерте қамдау – жауапты істің бірі. Осы мақсатта өткен сенбі күні Ойыл ауданында тұрғындарды қысқы мал азығымен қамтамасыз етуге бағытталған шөп жәрмеңкесі ұйымдастырылды.



Жәрмеңкеге жергілікті шаруа қожалықтары мен жеке жеткізушілер қатысып, сапалы шөпті тұрғындарға қолжетімді бағамен ұсынды. Атап айтқанда, «Тәуекел» және «Мұрагер» шаруа қожалықтары мен жеке жеткізуші Ербол Жұмақұлұлы өз өнімдерін сатылымға шығарды. Бір тук шөптің бағасы 600 теңге болып белгіленіп, тұрғындардың еркін таңдау жасап, қажетті мөлшерде сатып алуына мүмкіндік жасалды. Бүгінде мал шаруашылығы – аудан экономикасының негізгі тіректерінің бірі.

Сондықтан жем-шөп қорын жеткілікті көлемде дайындау – алдағы қыс мезгілін алаңсыз өткерудің басты кепілі. Осы орайда ұйымдастырылған шөп жәрмеңкесі тұрғындарды қолжетімді бағамен сапалы мал азығымен қамтамасыз етуге бағытталған

маңызды әлеуметтік бастамалардың бірі болды. Қысқа қамдану бүгіннен басталатынын ескерсек, мұндай жәрмеңкелердің маңызы алдағы уақытта да арта түсері сөзсіз.

Г.АБАЙҚЫЗЫ.

СТАМБУЛ САХНАСЫНДА – ОЙЫЛДЫҚ ӨНЕРПАЗДЫҢ ЖЕҢІСІ



Өнердің биігіне ұмтылған әрбір жас таланттың жетістігі – туған өлкесінің де мерейі. Жуырда Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің «Академиялық вокал» класының оқушысы Дана Саматқызы Түркия Республикасының Стамбул қаласында өткен «Istanbul Art Fest–2026» халықаралық өнер байқауында жүлделі II орынды иеленіп, аудан абыройын асқақтатты. Бұл жетістікке бастар жол Ақтөбе қаласында өткен «Zhuldyz Festival–2025» республикалық байқауынан басталды. Сол байқауда Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің триосы үздік өнер көрсетіп, Бас жүлдені (Гран-при) жеңіп алған болатын. Осы жеңістің нәтижесінде өнер ұжымына Түркияда өтетін халықаралық байқауға жолдама берілді. Алайда түрлі себептерге байланысты трио толық құрамда қатыса алмай, халықаралық додада Ойылдың намысын Дана Саматқызы жеке дауыста қорғайды. Стамбул сахнасында Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және Әзербайжан елдерінен кел-

ген 200-ге жуық қатысушы бақ сынады. Вокал, хореография, аспапта орындау және бейнелеу өнері бағыттары бойынша өткен байқауда Дана өз өнерімен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, жүлделі II орынды қанжығасына байлады. Жас әншінің бұл жетістігінің артында ұстаз еңбегі жатыр. Данын өнерге баулып, шығармашылық ізденісіне бағыт-бағдар беріп жүрген жетекшісі Манаргүл Беркінқызы байқау барысында мұғалімдерге арналған халықаралық Алғыс хатпен марапатталды. Бұл – шәкірт пен ұстаз еңбегінің қатар бағаланғанының айқын көрінісі. Халықаралық сахнада туған жердің атын танытып, өнерімен көпшіліктің ықыласына бөленген жас дарынның жеңісі – Ойыл өңірінің мәдени өміріндегі тағы бір жарқын жетістік. Дана Саматқызы мен жетекшісі Манаргүл Досбаеваны лайықты марапаттарымен құттықтап, шығармашылық жолдарында толағай табыс, биік белестер тілейміз.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

«АДАЛ КӘСІПКЕР»: АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА Өңірлік акцияға қатысуға 26 өтінім қабылданды

Ақтөбе облысында "Адал кәсіпкер" өңірлік акциясына қатысуға өтінім қабылдау жалғасуда. Бүгінгі күнге дейін Кәсіпкерлер палатасына 26 өтінім келіп түсті. Жобаның мақсаты, іріктеу критерийлері және адал кәсіп жүргізудің бүгінгі таңда неге бәсекелестік артықшылыққа айналып отырғаны туралы Ақтөбе облысы Кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді төмендету бөлімінің сарапшысы Жанар Скендирова айтып берді. - **Жанар Мұратбекқызы, өңірде "Адал кәсіпкер" акциясына қатысуға өтінім қабылдау жалғасып жатыр. Кәсіпкерлер бұл бастамаға қаншалықты белсенді қатысуда?**

- Акцияға деген қызығушылық біртіндеп артып келеді. 8 шілдедегі жағдай бойынша Кәсіпкерлер палатасына 26 өтінім келіп түсті. Бұл бизнес өкілдерінің адал кәсіпкерлікті дәріптеу идеясын қолдайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, облысымызда күн сайын кәсіп жүргізудің жоғары стандарттарын ұстанып жүрген кәсіпорындар әлдеқайда көп екеніне сенімдіміз. Сондықтан өтінім қабылдау жалғасуда және барлық лайықты кәсіпкерлерді акцияға қатысуға шақырамыз. - **Бұл акцияны өткізу идеясы қалай пайда болды?**

- "Адал кәсіпкер" акциясы Ақтөбе облысы Кәсіпкерлер палатасының "Заң және тәртіп" идеологиясын ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында жүзеге асырылуда. Оның басты мақсаты - қызметін ашық жүргізетін, заң талаптарын сақтайтын және өз еңбегімен өңір экономикасының дамуына үлес қосып жүрген бизнесті қолдау. Бүгінде кәсіпкер - тек жұмыс

орындарын ашып, өндіріс немесе қызмет көрсету саласын дамытатын адам ғана емес. Ол сондай-ақ қызметкерлер, мемлекет, серіктестер және қоғам алдындағы жоғары жауапкершілікті де білдіреді. Сондықтан біз адалдықты жай ғана міндет емес, кәсіп жүргізудің басты қағидатына айналдырған кәсіпорындарды ерекше атап өткіміз келеді. - **Нәтижесінде дәл адал кәсіпкерлік туралы айту маңызды?**

- Өйткені адал бизнес қоғамдық мойындауға лайық. Өңір кәсіпкерлерінің көпшілігі салық міндеттемелерін уақытылы орындайды, еңбек заңнамасын сақтайды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді, әлеуметтік жобаларға қатысады және өз ұжымдарының дамуына инвестиция салады. Біз дәл осындай кәсіпкерлерді қоғамға үлгі етіп көрсетіп, олардың тәжірибесін өзгелерге өнеге етуді мақсат тұтамыз. Бүгінде сенім - кез келген компанияның ең маңызды капиталының бірі. Оны сатып алу мүмкін емес, ол өз ісіне деген жауапкершіліктің арқасында жылдар бойы қалыптасады. - **Акцияға қатысушыларды кім бағалайды?**

- Акцияны өткізу үшін ведомствоаралық комиссия құрылды. Оның құрамына мемлекеттік органдардың, құқық қорғау құрылымдарының, даму институттарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және Кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңесінің өкілдері енді. Комиссияның осындай құрамы барлық қатысушыларды барынша объективті, тәуелсіз әрі ашық бағалауға мүмкіндік береді.

- **Жеңімпаздарды анықтауда қандай критерийлер басшылыққа алынады?**

- Біз бірнеше маңызды бағыт бойынша бағалау жүргіземіз. Олар - салық және еңбек заңнамасын сақтау, еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындау, құқықтық адалдық, бизнестің ашықтығы, кәсіпорынның әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігі, сондай-ақ компанияның өңір экономикасының дамуына қосқан үлесі. Біздің міндетіміз - бизнесті тек қаржылық көрсеткіштері бойынша емес, барлық қырынан кешенді бағалау. - **Жобаны іске асыруға дайындық қашан басталады?**

- Ведомствоаралық комиссияның алғашқы отырысы 14 мамырда өтті. Сол кезде акцияның негізгі құжаттарының жобалары, бағалау критерийлері және қорытынды шығару тәртібі қаралды. Талқылау қорытындысы бойынша комиссия мүшелерінің ұсыныстары ескеріліп, бірқатар ережелер толықтырылды. Ал өтінім қабылдау 5 маусымда басталды. Акция туралы ақпарат Кәсіпкерлер палатасының ресми ақпараттық ресурстарында жарияланып, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары, салалық бірлестіктер және бизнес-қоғамдастық арқылы кеңінен таратылуда. - **Акцияға қатысу кәсіпкерлерге қандай мүмкіндік береді?**

- Көптеген компаниялар үшін бұл - тек қоғамдық мойындауға ие болу ғана емес, сонымен қатар өздерінің іскерлік беделін растаудың мүмкіндігі. Бүгінде серіктестер, тұтынушылар және мемлекет ашықтықты, жауапкершілікті және заң талаптарын сақтауды жоғары бағалайды. Акцияға қатысу кәсіпорынның өзін сенімді әрі жауапты серік-

тес ретінде танытуына мүмкіндік береді. Ал жеңіске жету кәсіпорын табысының тек экономикалық нәтижелерге ғана емес, адалдыққа, әлеуметтік жауапкершілікке және қоғам сеніміне негізделгенін дәлелдейді. - **Жеңімпаздар қашан анықталады?**

- Акцияның қорытындысы күзде өңірлік бизнес-форум аясында шығарылады. Сол жерде жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсімі өтеді. Жеңімпаздар "Үлгілі салық төлеуші", "Жауапты жұмыс беруші", "Қауіпсіз кәсіпорын", "Әлеуметтік жауапты бизнес" және өзге де номинациялар бойынша анықталады. Сонымен қатар, адал кәсіпкерліктің үздік тәжірибелері заңдылық, жауапкершілік және ашықтық қағидаттарына негізделген табысты бизнес үлгілері ретінде кәсіпкерлік қауымдастыққа таныстырылады. - **Өлі де қатысуға күмәнданып жүрген кәсіпкерлерге не айтар едіңіз?**

- Ақтөбе облысының кәсіпкерлерін өз еңбегі туралы айтып, осы бастаманың бір бөлігі болуға шақырамын. Өңірімізде күн сайын табысты бизнесті адал, ашық әрі жауапкершілікпен жүргізуге болатынын дәлелдеп жүрген кәсіпорындар аз емес екеніне сенімдімін. Дәл осындай компаниялар кәсіпкерлікке деген сенімді нығайтып, облыс экономикасының дамуына үлес қосып, өзгелерге үлгі болады. Акцияға қатысу мәселелері бойынша кәсіпкерлер "Атамекен" кәсіпкерлер палатасына хабарласа алады, сондай-ақ +7 702 293 9443 телефон нөмірі арқылы толық ақпарат ала алады.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ ТІРКЕЛГЕН Саяси партияларға баспасөз бетінен орын беру тәуелімінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы ереже

- Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда
1 шаршы см құны — 300 теңге ҚҚС қоса алғанда.
 - Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны 400 теңге ҚҚС қоса алғанда
 - Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны – жалпы сомадан 50%.
Аудандық «Ойыл» газетінің таралымы -1383 дана.
Газеттің шығу жиілігі аптасына 1 рет:
Сейсенбі күні — D2 форматта;
 - Тіркелген саяси партияларға ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына саяси партияның сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
 - Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Ойыл газеті» ЖШС-ның қалауы бойынша жүзеге асырылады.
 - Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін 3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.
 - Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.
 - Жасалған шарт бойынша «Ойыл» газетінде орналастырылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
 - Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2026 жылғы 23 шідеден бастап 2026 жылғы 17 тамызы күнгі сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.
- P.S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін.**
Мекен-жайымыз: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 69-үй, 318-322 бөлмелер.

«Ойыл газеті» ЖШС-і

CALL-ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауын өткізуге байланысты, сайлаушылар тізіміне енгізу, сайлау учаскелері орталықтарының орналасқан жерін нақтылау мәселелері бойынша барлық қажетті кеңестер беретін Call-орталық Ойыл ауданы әкімдігінде жұмыс жасайтынын хабарлаймыз. Call-орталықтың телефон нөмірі: 8(71332)2-14-87. Call-орталықтың жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма, сағат 09.00-ден 18.30 дейін (үзіліс 12.30 – 14.00); сенбі, жексенбі сағат 09.00 ден 13.00 дейін.

БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР МЕН САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҮШІН ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ОРЫНДАР

№	Аудан атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар	Ескерту (қаулының номері мен күні)
1	Ойыл ауданы	Ойыл ауылы, Желтоқсан көшесі («Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында)	Аудан әкімдігінің №90 қаулысы 18 маусым 2025 жыл
2	Ойыл ауданы	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі («Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында)	
3	Ойыл ауданы	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
4	Ойыл ауданы	Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракемер мектеп-бала бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
5	Ойыл ауданы	Саралжын ауылы, Ботагөз-2 көшесі («Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)	
6	Ойыл ауданы	Бестамақ ауылы, Аяпберген көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тайсойған негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
7	Ойыл ауданы	Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ш.Берсиев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
8	Ойыл ауданы	Қарасу ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі («Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Қарасу медициналық пунктi ғимаратының сол жағында)	
9	Ойыл ауданы	Құмжарған ауылы, Бекет ата көшесі («Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубы ғимаратының оң жағында)	
10	Ойыл ауданы	Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі («Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)	
11	Ойыл ауданы	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)	
12	Ойыл ауданы	Сарбие ауылы, Жастар көшесі («Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
13	Ойыл ауданы	Қаракөл ауылы, Абай көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы)	
14	Ойыл ауданы	Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
15	Ойыл ауданы	Аманкелді ауылы, Бейбітшілік көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Амангелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
16	Ойыл ауданы	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарасу негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
17	Ойыл ауданы	Шұбарши ауылы, Ақсай көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жақсыбайкөл негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
18	Ойыл ауданы	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Саға мектеп- балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)	
19	Ойыл ауданы	Көсембай ауылы, Орталық көшесі («Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының фельдшерлік- акушерлік пункт ғимаратының оң жағында)	

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА КАНДИДАТТАР МЕН САЯСИ ПАРТИЯЛАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУІ ҮШІН ШАРТТЫҚ НЕГІЗДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ҮЙ-ЖАЙЛАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
1	Ойыл	Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы, Шернияз көшесі №36
2		Ақшатау ауылы, Ақшатау ауылдық клубы, Бейбітшілік көшесі № 68
3		Қаракемер ауылы, Қаракемер мектеп-балабақшасы, Ынтымақтастық көшесі №1
4	Ш.Берсиев	Қаратал ауылы, Ш.Берсиев атындағы орта мектебі, Ж.Жүсібалиев көшесі №2
5		Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2
6		Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, А.Жұбанов көшесі № 5
7	Көптоғай	Көптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18
8		Амангелді ауылы, Амангелді орта мектебі, Бейбітшілік көшесі №25
9		Қарасу ауылы, Қарасу негізгі мектебі, Алашорда көшесі №2
10		Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №9
11	Қараой	Қараой ауылы, Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26
12		Құбасай ауылы, Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7
13	Сарбие	Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Әйтеке би көшесі №18
14		Қаракөл ауылы, Қаракөл бастауыш мектебі, Абай көшесі № 10
15	Саралжын	Саралжын ауылы, Ә.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Көктал көшесі № 2
16		Ақкемер ауылы, Жамбыл мектеп бала бақшасы, Жеткіншек көшесі №7
17		Бестамақ ауылы, Тайсойған негізгі мектебі, Аяпберген көшесі №1
18		Шиқұдық ауылы, Теректі негізгі мектебі, Қ.Рысқұлбеков көшесі №16
19		Қоңырат ауылы, Фельдшерлік амбулаторлық пунктi, Ойыл көшесі №1
20	Қайыңды	Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8
21		Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6

ИСЛАМ – ЫНТЫМАҚ ЖӘНЕ БІРЛІК ДІНІ

ЖАРАТҚАН АЛЛА ТАҒАЛАҒА САНСЫЗ МАДАҚ, АРДАҚТЫ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕД МҰСТАФАҒА КӨПТЕГЕН САЛАУАТ ПЕН СӨЛЕМ ЖОЛДАЙМЫЗ.

Қоғамдағы тұрақтылық пен татулық – кез келген мемлекеттің дамуының басты кепілі. Осындай құндылықтарды нығайтуда діннің, соның ішінде Исламның орны ерекше. Зайырлы қоғамда дін – жеке сенім саласы бола отырып, адамдарды ізгілікке, өзара құрметке және бейбіт өмір сүруге үндейтін маңызды рухани фактор ретінде бағаланады. Ислам діні адамзат арасында ынтымақ пен бірлікті қалыптастыруды көздейді. Ол адамдарды ұлтына, тіліне немесе әлеуметтік жағдайына қарамай, өзара түсіністікке, татулыққа және әділ қарым-қатынасқа шақырады. Бұл құндылықтар зайырлы қоғамдағы азаматтық келісім мен қоғамдық тұрақтылықтың негізімен үйлеседі. Қазіргі таңда көпұлтты және көпконфессиялы қоғамда бірлік пен өзара сыйластықты сақтау – ортақ міндет. Осы тұрғыда Исламның бейбітшілік пен келісімді насихаттайтын қағидаттары қоғамдағы үйлесімділікті нығайтуға өз үлесін қосады. Асыл дініміз мұсылмандардың өзара бауыр екенін айтып, береке-бірлікте болуын міндеттейді. Алла Тағала қасиетті Құранның «Хұжұрат» сүресі, 10-аятында: «Шын мәнінде мүминдер бір-біріне бауыр», – деген. Қазақ халқы бірліктің күнделікті тіршіліктегі орны мен маңызын: «Бірлік болмай тірлік болмас», «Бірлік түбі – береке», «Аптау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, тебедегі келеді», – деп түйген. Бірлікті ыдыратып, ірітуші күш ол – күншілдік, іштарлық, араздық. Халқымыз мұндай жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салуға шақырған. Бірлік елдіктің, ұлт болып ұйысып отырудың басты кепілі. Ислам ғалымдары: бауырмалдық пен бірлікті жайқалып өскен тоғайға теңеген. Себебі тоғай өсіп, бұтағы көбейген сайын қуатталып, оған қатты жел әсер ете алмайтынындай, ауызбіршілігі мен бауырмалдығы мығым елге ешқандай жамандық теріс әсерін тигізе алмайды. Сонымен қатар дінімізде мұсылмандар өзара атқаруы қажет болған ақылар мен әдептер бар. Ол ақыларды орындау арқылы мұсылмандар өзара ынтымақ пен бірлікте, береке мен татулықта болады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мұсылманның мұсылманға деген бес ақысы бар: сәлем берсе қайтару, ауырса халін сұрау, жаназа-сына қатысу, шақырса бару, тушкірсе жақсылық тілеу», – деген (имам Бұхари). Қандай да бір қоғамда береке мен бірлік болса, ол – Алла Тағаланың берген үлкен нығметі. Адамдар ол нығметті бағалап, оған нұқсан келтіретін барлық істерден сақтануы қажет. Алла Тағала қасиетті Құранның «Әли Имран» сүресі, 103-аятында: «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер», – деп, мүминдерді бірлікте болуды бұйырып, бөлінуден тыйған. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов бабамыз: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс жасау керек», – дейді. Ол өзінің атты мысал өлеңінде біреуі суға, біреуі құрлыққа енді бірі аспанға тартқан аққу, шортан және шаянды мысал ету арқылы, бірлігі жоғалып, әркім өзіне тартқан қоғамда береке болмайтынын суреттеп, өлең соңын: Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, – деп түйіндейді. Жалпы бірлікке нұқсан келтіретін істерге – өзгенің ақысына қол сұғу, әділетсіздік жасау, сый-құрмет танытпау, күншілдік, өсек пен ғайбат сияқты т.б. істер жатқызылады. Сыйластық – отбасының да, қоғамның да береке-бірлікте болуының негізгі кілті. Сыйластық – қазақ халқында ежелден қалыптасқан, қанға сіңген қасиет. Төле би бабамыз: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бөрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық», – деген. «Адам сыйлағанның құлы», – деген халқымыз өзін сыйлап, құрметтеген жанға төрден орын ұсынып, сұрағанын береді. «Сыйлап берген су да тәтті» деп алдына қойылған асқа емес, пейілдің адалдығы мен көңілдің тазалығына баса мән берген. Майлы қожа бабамыз: «Болатын елдің баласы бірін-бірі «сіз» деген, болмайтын елдің баласы бірін-бірі күндеген», – деп, сыйластық бар жерде татулық пен береке, бірлік пен ынтымақ орын алатынын айтқан. Сондықтан да қоғамда әрбір адамды құрметтеп, сыйлап, ең көркем түрде қарым-қатынас жасауға тырысайық. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қайда болсаң да Апладан қорық, жамандығыңның артынан оны өшіретін жақсылықпен ұластыр әрі адамдармен көркем мінезбен қарым-қатынас жаса», – деп өсиет еткен. Алла Тағала адам баласын қадірлі де құрметті еттіп жаратқанындай, оның ар-намысын да құрметті еткен. Алла Тағала қасиетті Құранның «Ахзаб» сүресі, 58-аятында: «Сондай мүмин ер мен мүмин әйелдерге жазықсыз зиян тигізгендер, әрине олар жала жауып, ашық күнә жүктеп алды», – деп айтқан. Адамдар арасында дау-жанжал туу себептерінің бірі өзге адамның ақысына қол сұғудан, құрметсіздік танытудан бастау алады. Сондықтан бірлік пен ынтымаққа сызат түсірер мұндай істерден әрбір адам баласы аулақ болуы қажет. Дінімізде біреуге себепсіз зиян беруге, жеке басына қатысты лайықсыз сөз айтуға, ар-намысын төгуге, өсектеуге, сыртынан сөз тасуға, мазақ етуге болмайды. Ғалымдарымыздан: «Мұсылманның абыройын төгу қасиетті Қағбаны қиратудан да жаман», – деген сөз қалған. Ата-бабаларымыз ұрпағына: «Ешкімнің ала жібін аттама» деп, өзгеге қиянат жасамауды, зиян бермеуді, ақысыз мал-дүниесіне қол салмауды, ар-намысына тиемеуді кішкентайынан үйретіп, құлағына тәртіп пен тәрбиені құйып өсірген. Қорыта айтқанда қоғамның тыныштығы мен береке-бірлікте болуын әрбір қоғам иесі бағалап, оған сызат түсіріп алмауды ойлауы қажет. Адамдардың құқығын құрметтеп, қоғамдағы тәртіпке бағынып, бірлігімізді бұзатын істерден сақтануы тиіс. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Жер беті дұрысталғаннан кейін бүлікшілік жасамаңдар», – деп ескерткен («Ағраф» сүресі, 56-аят). Бұқар жырау бабамыз: «Бөріңіз бір енеден туғандай болыңыз: жат жанынан түңілсін, айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін», – деп насихат қалдырған.

Бақжарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы	Аудан әкімі	Шілде айының 9,23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	8(71332) 2-12-23 oiyl.akimdigi@yandex.kz
			Тамыз айының – 6,20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Қыркүйек айының – 3,17 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Жеткізгенов Асет Тлеуқабақұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Шілде – 7,21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	8(71332) 2-12-23 oiyl.akimdigi@yandex.kz
			Тамыз – 4,18 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Қыркүйек – 1,15,29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Сүлеймен Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Аудан әкімінің орынбасары	Шілде– 1,15,29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Тамыз– 12,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Қыркүйек – 9,23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Аудан әкімінің орынбасары	Шілде – 13,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Тамыз– 10,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Қыркүйек – 7,21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Шілде – 10,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Тамыз – 7,21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Қыркүйек – 4,18 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

СУДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!

ЖАЗДЫҢ ЫСТЫҚ КҮНДЕРІН АСЫҒА КҮТКЕН АДАМДАР ӨЗЕН-КӨЛГЕ ШОМЫЛУҒА, БАЛЫҚ АУЛАУҒА АСЫҒАДЫ. ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, КЕЙБІРЕУЛЕР ҮШІН ЖАҒАЖАЙДАҒЫ ДЕМАЛЫС ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ СӨТІНЕ АЙНАЛЫП ЖАТАДЫ. ЖАҚСЫ ЖҮЗЕТІН АДАМ ҮШІН СУ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕМЕС. БІРАҚ ЖҮЗЕ БІЛЕТІН АДАМ ДА СУДА БОЛҒАНДА АРНАЙЫ ЕРЕЖЕНІ САҚТАУЫ КЕРЕК. СУДА ТӨРТІПТІ САҚТАМАУ АДАМДАРДЫ БАҚЫТСЫЗДЫҚҚА ЖӘНЕ АДАМ ӨЛІМІНЕ ӨКЕП СОҚТЫРАДЫ.

Өрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн.

Ересектерсіз суға түсуге, ата-аналардың, ересек жастағы адамдардың спирттік ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тыйым салынады. Жүзу білмесеңіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер. 2026 жылғы 22 мамырдағы аудан әкімінің №86 «Ойыл ауданында суға түсу маусымында коммуналдық жағажайлар ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес 1 коммуналдық жағажайдың орындары бел-



гіленді. Атап айтқанда, Ойыл а/о – Ойыл өзені, Ескі көпір маңы. Тыйым салынған аймақтарда шомылған суға түсушілерге ҚР ӨҚБтК-нің 412 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немес 112 нөміріне хабар-

ласуларыңызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жедел жәрдем шақырту қажет. Медициналық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек. Төменде зардап шеккен, су жұтқан кездегі көрсетілетін алғашқы көмектің кейбір әдістері келтірілген:

Су жұту - тыныс алу жолдарын сұйықтықпен немесе сұйық массалармен толтыру.

Су жұту белгілері болып, ауыздан көбік бөлу, жүрек қызметінің және тыныс алудың тоқтауы, көз ұлпасының кеңейуі, тері жамылғыларының көгеруі болып табылады. Алғашқы көмек – ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенің басы жерге қарай салбырап тұруы, кеудесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштегі және өкпедегі суды шығару керек. Бұдан кейін тездетіп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді.

Есіңізде болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды үйретіңіздер!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА»: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУҒА 62,71 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫНА ЖУЫҚ ҚАРАЖАТ ЖҮМСАДЫ

2024 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАННАН 2026 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕ ДЕЙІН ЖАЛПЫ СОМАСЫ 62,71 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАЙТЫН 333 809 ӨТІНІШ ҚАРАЖАТ ИЕЛЕРІНІҢ БАНКТІК ШОТТАРЫНА АУДАРУ ҮШІН УӘКІЛЕТТІ ОПЕРАТОРЛАРҒА ЖІБЕРІЛДІ.



Орындалған өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсартуға қатысты.

Осы бағытта 216 060 өтініш бойынша 41,01 млн. АҚШ долларынан астам қаражат аударылды. Ал білім алу ақысын төлеуге 117 749 өтініш орындалып, оған 21,69 млн. АҚШ доллары жұмсалды. Еске салайық, нысаналы жинақтардың (НЖ) алушысы өзіне тиесілі қаражатты толық немесе ішінара пайдалана алады. Пайдаланылмаған сома 10 жыл бойы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) сақталады. Осы мерзім ішінде игерілмеген қаражат кейін алушының ерікті зейнетақы журналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударылады.18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы мәліметті ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері баланың ЖСН-ін енгізу арқылы kids.enpf.kz сайтынан, eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен, сондай-ақ eGov Mobile және екінші дең-

гейдегі банктердің мобильді қосымшаларынан тексере алады.

Егер 2025 жылғы есептеулер бойынша баланың нысаналы талаптары көрсетілмесе, мобильді қосымшадағы құжаттарды жаңарту қажет. **eGov Mobile қосымшасында:** «Цифрлық құжаттар» → «Отбасы» → «Құжаттар тізімін жаңарту» → «Ұлттық қордан есептелген қаражат». Kaspi.kz сияқты екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында: «Мемлекеттік қызметтер» → «Барлық құжаттар» → «Құжаттар тізімін жаңарту» → «Ұлттық қордан есептелген қаражат». Бағдарламаның шарттары, қаражатты пайдалану тәртібі, пайдалы нұсқаулықтар мен жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар kids.enpf.kz сайтында қолжетімді. Сондай-ақ тақырыпқа қатысты бейнетүсіндірмелер мен пайдалы кеңестерді БЖЗҚ YouTube арнасынан көре аласыз.

«НАЦФОНД - ДЕТЯМ»: 62,71 МЛН. ДОЛЛАРОВ США НАПРАВЛЕНО НА УЛУЧШЕНИЕ ЖИЛИЩНЫХ УСЛОВИЙ И ОПЛАТУ ОБРАЗОВАНИЯ

С 1 ФЕВРАЛЯ 2024 ГОДА ПО СОСТОЯНИЮ НА 1 ИЮЛЯ 2026 ГОДА ИСПОЛНЕНО 333 809 ЗАЯВЛЕНИЙ НА ОБЩУЮ СУММУ ОКОЛО 62,71 МЛН ДОЛЛАРОВ США. СРЕДСТВА БЫЛИ ПЕРЕВЕДЕНЫ УПОЛНОМОЧЕННЫМ ОПЕРАТОРОМ ДЛЯ ПОСЛЕДУЮЩЕГО ЗАЧИСЛЕНИЯ НА БАНКОВСКИЕ СЧЕТА ЗАЯВИТЕЛЕЙ.

Среди исполненных заявлений преобладают заявления, направленные на улучшение жилищных условий: 216 060 заявлений на сумму свыше 41,01 млн долларов США. В целях оплаты образования исполнено 117 749 заявлений на сумму 21,69 млн долларов США. Напомним, получатель целевых накоплений (ЦН) вправе использовать всю сумму либо её часть.

Невостребованная часть средств продолжает храниться на целевом накопительном счёте (ЦНС) в течение 10 лет. После этого неиспользованный остаток переводится на индивидуальный пенсионный счёт получателя для учета добровольных пенсионных взносов. Информацию об участии в программе ребенка, не достигшего 18 лет, его родители и иные законные представители могут проверить по ИИН ребенка на сайте kids.enpf.kz, в личном кабинете на портале

электронного правительства eGov.kz, а также в мобильных приложениях eGov Mobile и некоторых банков второго уровня. В случае, если информация о целевых требованиях, начисленных детям за 2025 отчетный год, не отображается, то необходимо обновить документы в мобильных приложениях, следуя по пути:

в приложении eGov Mobile: «Цифровые документы» - «Семья» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА»; в мобильных приложениях банков второго уровня, например, в Kaspi.kz: «Госуслуги» - «Все документы» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА». Изучить условия программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz. Также можно ознакомиться с видеокomentarиями и инструкциями по теме на YouTube-канале БЖЗҚ/ЕНПФ.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының жұқпалы аурулар бөлімшесінің мейірібикесі Сұлтанова Алтынгүлдің ардақты әкесі
Сұлтанов Ермек Ешімұлының, емхана мейірібикесі Мамбетова Маншүктің аяулы анасы Мамбетова Тәрбия Бимемирқызының дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
«Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы жаттықтырушы Ешімов Нұрланның әкесі Ермектің мезгілсіз өмірден озуына байланысты отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1245 дана. Тапсырыс 1040
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ТӨРТ МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАДЫ

АТА РУХЫНА ТАҒЫМ - ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ!

ӨТКЕН АПТАДА МАРАТ АРЫСТАНОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИН, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, ТИІСТІ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Күн тәртібіне ұсынылған алғашқы мәселе - «Ойыл желілік техникалық учаскесінің аудан тұрғындарына көрсетілген қызметтерінің сапасы туралы» «Қазақтелеком» АҚ Ойыл желілік техникалық учаскесінің бастығы Әлім Қаратаев хабарлама жасаса, «Аудан мектептерінде білім сапасын және тәрбие жұмысы деңгейін көтеру бағытында атқарылып жатырған жұмыстары туралы», жазғы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы

және қауіпсіздігін қадағалауы туралы» Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысы Орынбасар Бегжанов баяндады. Ал, «Ойыл аудандық пошта байланыс торабының аудан тұрғындарына көрсетілген қызметтерінің сапасы туралы» аудандық пошта байланыс торабының басшысы Динара Дабылованың хабарламасы тыңдалды. Сонымен қатар, аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында «Ойыл ауданының кәсіпкерлікті қолдаудың

бағдарламалары мен шаралары туралы: қаржылық қолдау, қаржылық емес қолдау, инфрақұрылымды дамыту туралы» Ақтөбе облысының "Атамекен" кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Илгиз Сабиржанов баяндады. Кеңес отырысында баяндамашыларға сұрақтар қойылып, талқыланған мәселелердің шешімін табу мақсатында аудандық Қоғамдық кеңес тарапынан ұсынымдар жолданды.

ТАҒДЫР ТЕЗІНЕН ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМ АУРУХАНАДА НЕМЕРЕМНІҢ ҚАСЫНДА ЖАТҚАН КҮНДЕРДІҢ БІРІНДЕ ӨЗІММЕН ҚАТАРЛАС БІР КЕЛІНШЕКПЕН ТАНЫСЫП ҚАЛДЫМ. СЫРТТАЙ ҚАРАҒАНДА САБЫРЛЫ, КӨП СӨЙЛЕМЕЙТІН ЖАН СЕКІЛДІ КӨРІНГЕНІМЕН, ЖҮЗІНДЕГІ МҰҢ ОНЫҢ ӨМІРДЕ АЗ ҚИЫНДЫҚ КӨРМЕГЕНІН АҢҒАРТЫП ТҰРДЫ.



Әңгімелесе келе оның басынан өткен тағдырлы өмір жолын естіп, жүрегім елжіреп қоя берді. Бұл — бір ғана адамның емес, үнсіз күресіп жүрген талай қазақ әйелінің тағдыры іспетті еді... Ол небәрі он сегіз жасында алып қашудың құрбаны болған екен. Ата-анасының тәрбиесін аттап кете алмай, тағдырдың жазуына көнгендей сол босағада қалып қояды. Кейіннен өзінің сол шаңырақтағы

төртінші әйел екенін естігенде, жаны қатты күйзелгенін айтты. Бірақ жастықпен, шарасыздықпен бәріне көнуге мәжбүр болған. Уақыт өте келе екі қыз, бір ұл дүниеге әкеліп, бар мейірімін балаларына арнайды. Алайда жарым деп сүйенген адамынан жылулық та, қамқорлық та көрмейді. Ішпідікке салынып, аузынан былапыт сөзі түспейтін, тіпті аңшылық мылтығымен қорқытып, үстіне оқ атқан кездері де болыпты. Кей түндері үйге кіре алмай, мал қорада түнеп шыққан күндерін көз жасымен еске алды. Сонда да ол он үш жыл бойы балалары үшін бәріне төзіп келген. «Балаларым әкесіз өспесін!» деген аналық жүрек оны қанша қиындыққа болса да мойытпаған екен. Оның үстіне ата-енесі жақсы адамдар болыпты. Сол кісілердің мейірімі мен сыйластығын қимай, көпке дейін шыдап келгенін айтты.

Алайда төзімнің де шегі бар. Жылдар бойғы қорлық пен қорқыныштан кейін, ақыры балаларын жетектеп, ол шаңырақтан кетуге бел буады. Бұл — әлсіздіктің емес, батылдықтың шешімі еді. Бүгінде сол келіншек бар қиындықты артқа тастап, ұл-қыздарына жақсы тәрбие берген ардақты ана, бақытты әже атанып отыр. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере-жиен сүйіп отырған жайы бар. Қазір өткен өміріне өкінішпен емес, сабырмен қарайды. «Шүкір, бүгінгі күнім жаман емес» - дейді ол. Оның әңгімесін тыңдап отырып, қазақ әйелінің қайсарлығына тағы бір мәрте тәнті болдым. Өмір қанша сынаса да, аналық мейірім мен жүректегі үміт адамды алға жетелейді екен. Бұл — тағдырға мойымаған, өмірмен күресіп, жеңіп шыққан ананың шынайы тағдыры. **Рақима САҒАТОВА, Қаратал ауылы.**

«ӨЛІ РАЗЫ БОЛМАЙ, ТІРІ БАЙЫМАЙДЫ». – ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ. ТАРИХЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛДІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ, РУХЫ БИІК. АТА-БАБА АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ ТАНЫТЫП, ОЛАРДЫҢ ЕРЛІГІ МЕН ЕЛГЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІН ҰЛЫҚТАУ – БҮГІНГІ ҰРПАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗЫ.



Осы игі дәстүрдің жалғасы ретінде Ойыл ауданының Қаратал ауылында XVIII ғасырда өмір сүрген «Ебескінің үш бөрісі» атанған Алтай, Құтығай және Жұлдыз Ебескіұлдарының рухына арналған үлкен көлемдегі ас беріліп, елдің бірлігі мен рухани тұтастығын айшықтаған тағылымды шара өтті. Жеті ақшаңқан киіз үй тігіліп, алыстан ат терлетіп келген ағайынның басын қосқан бұл асқа Астана мен Алматы қалаларынан, сондай-ақ Ресей Федерациясынан Жұлдыз кете Ебескіұлының ұрпақтары арнайы келіп қатысты. Басқосу барысында ата-бабаларының рухына Құран бағышталып, олардың ел мен жерді қорғаудағы жанқиярлық ерліктері мен халқына сіңірген шеусіз еңбектері кеңінен насихатталды. Ағайынның басын қосқан бұл тағылымды жиын ұрпақтар сабақтастығының, елдік пен бірліктің жарқын көрінісіне айналды. Осы игі шара аясында тоғыз жолдың торабы тоғысқан Қобда өңірінде «Ебескінің үш бөрісі» атанған Алтай, Құтығай және Жұлдыз Ебескіұлдарына еңселі ескерткіш орнатылды. Бұл – батыр балардың рухына көрсетілген зор құрметтің белгісі. Игі

бастаманың жүзеге асуына ұйытқы болып, ел азаматтарын бір мақсатқа жұмылдырған кәсіпкер, қажы Сағынай Бақытжанұлының еңбегі ерекше. Сонымен қатар осы сауапты іске қаржылай қолдау көрсеткен Қобда ауданына қарасты Ортақ ауылының тумасы Бақытжан Жәкенұлының азаматтық жанашырлығы мен туған жерге деген қамқорлығын да ерекше атап өткен жөн. Осындай елжанды азаматтардың арқасында тарихымыз жаңғырып, батыр бабалардың есімі ұрпақ жадында мәңгі сақталмақ. Ас аясында қазақ халқының төл дәстүрін дәріптеген ұлттық спорт түрлерінен кең көлемді жарыстар ұйымдастырылды. Түйе палуан-қазақ күресі, қол күрес, арқан тарту, қосқар көтеру секілді сайыстарға еліміздің әр өңірінен келген спортшылар қатысып, бақ сынады. Жәнімпаздарға қомақты ақшалай сыйлықтар мен бағалы жүлделер, соның ішінде жылқы табысталды. Ұлттық ойындар көпшіліктің қызығушылығын арттырып, жастарды батылдыққа, намысшылыққа және салт-дәстүрді құрметтеуге үндеді. Жиын барысында ел ағаларына шапан жабылып, анала-

рымызға ақ жаулық тағылды. Бұл — қазақ халқының үлкенге құрмет, анаға ізет көрсету дәстүрінің айқын көрінісі болды. Шараның шырайын аша түскен ерекше сәттердің бірі — өнер кеші болды. «Тарыдан тау көтерген Шығанағы, Бұл жердің Омар ата – ұлы адамы. Ауылын сағынғанның жүрегінде, Жолдыбай Айтқұловтың тұрады әні...» — деп жыр жолдарын тебірене оқыған жиын жүргізушісі, ауылдың төл перзенті Ербол Ерсултанұлы көпшіліктің ықыласына бөленді. Артынша жерлес сазгер Жолдыбай Айтқұловтың туған жерге деген сағынышқа толы «Ойылым» әні шырқалып, киіз үйлерге жиналған жұрттың көңілін ерекше тебірентті. Өуелеген әсем ән алыстан ат терлетіп келген ағайынның жүрегіне туған жерге деген сағыныш сезімін ұялатып, рухани кештің сәнін кіргізді. Ән мен күй үндескен бұл сәт мерекенің ажарын аша түсіп, көпшілікке ұмытылмас әсер сыйлады. Бұл ас — жай ғана ағайынның бас қосуы емес, өткен мен бүгінді жалғаған, ұрпақ санасына тарих пен тағылымды сіңірген үлкен рухани мереке болды. Батыр бабалардың рухына тағзым етіп, олардың өнегелі өмір жолын ұлықтаған бұл игі шара елдің ынтымағы мен бірлігін нығайтып, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыра түсті. Осындай тағылымды басқосулар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ескеңе ұрпақты елін, жерін, тарихын қастерлеуге тәрбиелей беретіні сөзсіз. **Рақима САҒАТОВА, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫ: «ҚАЗАҚСТАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ»

БҮЛ МАҚАЛАДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ, ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ СОТ ӨНДІРІСІНЕ БАЛАМА РЕТІНДЕГІ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ ТАЛДАНАДЫ. ЖӨНЕ МАҚАЛА МЕДИАЦИЯНЫ «ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУШІ ӨДІЛЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРАСТЫРЫП, ОНЫҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҮНЕМДІЛІГІН, ТАРАПТАРДЫҢ АВТОНОМИЯСЫН, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӨДЕНИЕТТІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫНА ТИПЗЕТІН ЫҚПАЛЫН ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН НЕГІЗДЕЛЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, МЕДИАЦИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУДЫҢ КЕЛЕШЕГІ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ.

Қазіргі құқықтық мемлекетте сот төрелігінің тиімділігі тек сот шешімдерінің сапасымен емес, сонымен қатар дауларды шешудің баламалы жолдарының дамуымен өлшенеді. ХХІ ғасырдағы жаһандық тенденциялар дауларды тек сот арқылы шешудің монополиясынан бас тартуды көздейді. Сот жүйесінің шамадан тыс жүктелуі және сот кезінде шешудің объективті қажеттілікке айналдырды.

2011 жылы қабылданған «Медияция туралы» Қазақстан Республикасының Заңы медиацияны дауларды сотқа дейінгі және сот кезінде шешудің ең тиімді құралдарының бірі ретінде бекітті. 1). Медиацияның құқықтық табиғаты және доктриналық негіздері. Медиация – бұл медиатордың қатысуымен дауласушы тараптардың өзара тиімді келісімге келуіне бағытталған ерікті процесс. Оның құқықтық негізі келесідей базалық принциптерге сүйенеді: - Еріктілік: Тараптардың процесске өз еркімен кіруі және шешім қабылдауы; - Құпиялылық: Даудың мән-жайы мен келіссөздердің жария етілмеуі; -Тараптардың теңдігі: Келіссөздер барысында тараптардың құқықтық мүмкіндіктерінің тең болуы; -Медиатордың бейтараптығы: Медиатордың даудың нәтижесіне мүдделі еместігі. Ғылыми доктринада медиация

«қалпына келтіруші әділет» элементі ретінде қарастырылады. Сот процесі заң бұзушыны жазалауға немесе бір тарапты екіншісінің үстінен жеңіске жеткізуге бағытталса, медиация бұзылған қарым-қатынасты қалпына келтіруге бағытталды. Бұл әсіресе отбасылық, еңбек және іскерлік қатынастарда маңызды.

Сот өндірісімен салыстырмалы талдау

МЕДИАЦИЯ МЕН СОТ ӨНДІРІСІН САЛЫСТЫРУ ОНЫҢ АРТҚЫШЫЛЫҚТАРЫН АЙҚЫН КӨРСЕТЕДІ:		
Салыстыру өлшемдері	Сот өндірісі	Медияция
Процесс сипаты	Қарсыласу	Ынтымақтастық
Уақыт шығыны	Ұзақ (айлап созылады)	Қысқа (бірнеше сессия)
Нәтиже	«Жеңімпаз – жеңілуші»	Екі тарап та ұтады
Ақпарат	Ашық, жариялы	Құпия
Орындалуы	Мәжбүрлеу арқылы	Ерікті түрде (сенім жоғары)

Экономикалық тиімділік: Медиация «Транзакциялық шығындар теориясы» тұрғысынан өте тиімді. Ол мемлекеттік баж салығын, адвокаттық қызмет ақысын және асараптамалық шығындарды есептеп төмендетеді. Азаматтық процессік кодекске сәйкес, медиациялық келісімге қол жеткізген жағдайда мемлекеттік баждың қайтарылуы тараптар үшін айтарлықтай экономикалық ынталандыру болып табылады. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық сотында 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 100

медиабельді талап қоюлар түскен. Оның ішінде 10 талап қоюлар қайтарылған, 76 іс аяқталып, оның ішінде 40 азаматтық істер бойынша тараптар медиативтік келісімге келіп іс жүргізу өндірістен тоқтатылған, 36 талап қоюлар бойынша шешім қабылданған. Бұл 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш.

кіліксіздігі. Ұсыныстар: - Медиаторларды даярлаудың сапалық жүйесін жетілдіру; - Кейбір категориядағы даулар (мысалы, отбасылық) бойынша медиациядан өтуді міндетті ету тәжірибесін қарастыру; - Соттарда медиациялық кабинеттердің рөлін күшейтіп, оны сотқа дейінгі негізгі процедура ретінде насихаттау. Қорытынды Биыл «Медияция туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылданғанына 15 жыл. Бұл Заң өзінің қажеттілігін дәлелдеді, себебі Медиация - бұл тек сот жүктемесін азайту емес, қоғамдағы дауласушылық деңгейін төмендетудің және мәдениетті диалогты дамытудың басты құралы. Ол Қазақстанның құқықтық архитектурасын жаңғыртудың кілті болып табылады. Медиацияны «дауларды шешудің баламалы емес, бірінші кезектегі тәсілі» ретінде қоғамдық санаға сіңіру арқылы біз сот төрелігін «жазалау немесе ақтау» жүйесінен «келісу және түсінісу» жүйесіне көшіре аламыз. Осы мақсатқа жету үшін соттарда медиациялық кабинеттердің рөлін одан әрі күшейтіп, оларды сотқа дейінгі дауларды реттеудің негізгі және ең тиімді процедурасы ретінде кеңінен насихаттау қажет. Бұл қадамдар азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеріп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға сөзсіз үлес қосады.

Сауле ТАНИМОВА, Ойыл аудандық сотының төрағасы.

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЖӘНЕ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

13 шілдеден бастап eGov Mobile мобильді қосымшасы мен eGov.kz порталында білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтінім қабылдау басталды. Құжаттарды онлайн түрде 13 шілде сағат 09:00-ден 20 шілде сағат 18:00-ге дейін тапсыруға болады. Биыл қызмет жаңартылды. Енді жүйе талапкерге мемлекеттік білім беру грантының конкурстан тыс тағайындалғанын автоматты түрде тексереді. Тексеру Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері негізінде автоматты түрде жүргізіледі. Егер талапкерге мемлекеттік білім беру гранты конкурстан тыс тәртіппен бұрыннан тағайындалған болса, жүйе бұл туралы өтінім беру кезінде хабарлайды. Мұндай жағдайда eGov.kz порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы қайта өтінім беру қажет болмайды. Қалған талапкерлер өтінімді жалпы тәртіппен береді. Егер талапкер жеңілдік санатына жатса, өтінім беру кезінде тиісті мәртебе көрсетіледі және автоматты түрде расталады. **Өтінімді онлайн беру үшін пайдаланушыға:** *eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» – «Білім» – «Жоғары білім» бөліміне кіріу; *«Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» қызметін таңдау; *«Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу; *міндетті жолдарды толтырып, сұрау салуға қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірі арқылы қол қою; *жеке кабинетте өтінімнің мәртебесін қадағалау. Өтінімнің өңделгені туралы хабарлама «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде көрсетіледі.

eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы өтінім беру тәртібі де осыған ұқсас. Өтінім қабылдау кезеңінде жүктеме жоғары болған жағдайда eGov.kz порталы пайдаланушылар ағынын электрондық кезек арқылы реттейді. Электрондық кезекке қосылғаннан кейін пайдаланушының кезегі келгенде жүйе қызметке автоматты түрде қолжеткіздік береді. Кезекті қолмен бақылау үшін «Кезектің жақындағаны туралы SMS арқылы хабарлау» чекбоксын белгілеуге болады. Хабарлама мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөміріне 1414 нөмірінен жіберіледі. Егер телефон нөмірі базада тіркелмеген болса, оны қолмен енгізуге болады. Күту барысында браузер қойындысын жабуға немесе жаңартуға болмайды, әйтпесе пайдаланушы кезектегі орнынан айырылады. Өтінім бергеннен кейін талапкер eGov.kz порталындағы жеке кабинетінде білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысқаны туралы электрондық анықтамалады. Конкурс қорытындысы бойынша талапкерге білім беру грантының тағайындалғаны туралы электрондық сертификат беріледі. Ол 10 тамыздан кешіктірмей eGov.kz порталындағы жеке кабинетте қолжетімді болады. Егер конкурс нәтижесі бойынша білім беру гранты тағайындалмаса, жеке кабинетке бас тарту туралы ақпарат қамтылған хабарлама жіберіледі. Қызмет ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қатысуымен іске асырылды. **Өсәм ИСАБЕКОВА, «ҒАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.**